

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	
Құжаттың атауы: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт		
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 1-беті
Әзірлеген: _____ Б.Қ. Әжіғалиев 2020 ж. «____» _____	Тексерген: Қ.Т. Сақтағанов _____ 2020 ж. «__» _____	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 ж. «____» _____ шешімімен бекітілді №__ хаттама

1. МАҚСАТ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі осы корпоративтік стандарттың (бұдан әрі - Стандарт) мақсаттары:

1) ірі апатты оқиғалардың (авариялардың, оқыс оқиғалардың, өрттердің және жазатайым оқиғалардың) туындауын басқару және алдын алу мақсатында ҚМГ компаниялар тобының объектілерінде өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесін (бұдан әрі - ӨПҚБ) іске асыру және қолдау үшін бірыңғай талаптар мен тиімді тәсілдерді белгілеу;

2) активтер мен технологиялық жабдықтардың тұтастығын қолдау;

3) заңнамалық талаптарға, салалық стандарттарға, ӨПҚБ саласындағы үздік әлемдік практикалар мен тәсілдемелерге сәйкес қауіпсіз операциялық қағидаларды, нормалар мен рәсімдерді әзірлеу және белгілеу;

4) технологиялық тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау және оларды болғызбау мен жұмсарту жөнінде тиісті шаралар қолдану;

5) қызметкерлер мен халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, қаржылық және құқықтық салдарларға, мүлік пен активтерге, бедел мен имиджге байланысты залалдар мен ысыраптарға жол бермеу болып табылады.

1.2. ӨПҚБ процесі - бұл технологиялық жабдықтың герметикалығын жоғалтуға байланысты апатты оқиғалардың, соның салдарынан конструкциялардың құлауының, жарылыстардың, өрттердің, қиратушы шығарындылар мен қауіпті заттардың (химиялық заттар, мұнай және мұнай өнімдері) төгілуінің алдын алуға бағытталған инженерлік және басқару элементтерінің үйлесуі. Осы инженерлік және басқару элементтері жұмыс орнындағы қауіпсіздікті басқару үшін қажет етілетін талаптардан асып түседі, өйткені олар адамдарға, мүлікке және қоршаған ортаға әсер етеді.

1.3. ӨПҚБ негізінде ҚМГ компаниялар тобының қарапайым және жүйелі тәсілдемесін қамтамасыз ету, ұйымдастырушылық, техникалық, пайдалану және адами факторларды қамтитын технологиялық операциялардың тұтастығына кепілдік беру үшін тиісті түрде жүргізілуі қажет негізгі іс-қимылдар мен рәсімдерді айқындау жатыр.

1.4. Осы Стандарт заңнамалық талаптарға, ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясатына, Экологиялық саясатқа, еңбек қауіпсіздігі

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 2-беті

және еңбекті қорғау саласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерінің «Алтын қағидалар» кодексіне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау жөніндегі көшбасшылық және бейілділік кодексіне және МЖ, ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 (ҚР СТ 45001-2019) халықаралық стандарттарына, ӨПҚБ саласындағы OSHA, IOGP ұсынымдарына сәйкес әзірленді және ҚМГ компаниялар тобының ішкі құжаты болып табылады.

Негізгі қағидаттар

ӨПҚБ құрылымы мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы барлық деңгейдегі басшылардың айқын бейілділігі;

2) жұмыс орнында/объектіде, технологиялық және өндірістік процестерде пайдаланылатын жабдықтар мен технологияларда тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды айқындайтын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құжатталған (жазбаша) ақпаратты әзірлеуге, енгізу және актуалды жағдайда қолдау;

3) жұмыс орнында/объектіде тәуекелдерге/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға бағалау жүргізу, оның ішінде авариялық шығарындылардың (төгілулердің) ықтимал көздерін анықтауға, апатты салдарларға алып келуі мүмкін кез келген алдыңғы шығарындыны немесе бірқатар шығарындыларды айқындау және олардың қызметкерлердің денсаулығына, халыққа және қоршаған ортаға әсерін (диапазонын) бағалау;

4) тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды, оқиғаларды болдырмау жоспарларын әзірлеу және бағалау бойынша қызметкерлермен және олардың өкілдерімен консультация беру;

5) жұмыс орнында/объектіде тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау нәтижелеріне және ТЖ-ны болғызбау, жұмсарту және оған ден қою жөніндегі шараларды ескеретін оны қайта қарау кезеңділігіне ден қою жүйесін құру;

6) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық талаптарға сәйкес әрбір жұмыс кезеңі үшін рәсімдерді, пайдалану шектеулерін қоса алғанда, қауіпті өндірістік объектілерде жазбаша жұмыс рәсімдерін әзірлеу, енгізу және актуалды жағдайда ұстау;

7) қызметкерлерге, мердігерлерге / қосалқы мердігерлерге және басқа да мүдделі тараптарға процестің қауіпсіздігі мен қоршаған орта жөніндегі құжатталған (жазбаша) ақпаратқа қол жеткізуді ұсыну;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 3-беті

8) қызметкерлерді, мердігерлерді/қосалқы мердігерлерді заңнамалық талаптарға және ҚМГ компаниялар тобының ішкі құжаттарына сәйкес ТЖ-ға тиімді ден қою рәсімдеріне оқыту;

9) жобалау ерекшеліктеріне сәйкес бастапқы технологиялық жабдықтар мен технологиялардың, техникалық қызмет көрсетуге арналған материалдар мен қосалқы бөлшектердің, оларды өндіру мен орнатудың сапасын қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеу;

10) жазбаша рәсімдерді, қызметкерлерді оқытуды, механикалық тұтастықты қамтамасыз ету үшін жабдықтарды тексеруді және сынауды қоса алғанда, технологиялық және өндірістік процестердің қауіпсіздігі үшін сыни жабдыққа қызмет көрсету жүйесін енгізу;

11) барлық және жаңадан орнатылған немесе түрлендірілген технологиялық жабдықтың қауіпсіздігіне іске қосу алдындағы тексерулер жүргізу;

12) ұйымдағы, технологиялар мен жабдықтардағы, процестер мен персоналдағы өзгерістерді басқарудың құжатталған (жазбаша) рәсімін әзірлеу және енгізу;

13) олардың болашақта қайталануына жол бермеу үшін тұжырымдармен және ұсынымдармен бірге Жұмыс орнында/Объектіде ауыр зардаптарға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін әрбір оқиғаны тергеп-тексеру (жабдықты тексеру, жабдыққа/қондырғыға қызмет көрсететін қызметкерлердің іс-қимылын талдау, қажет болған кезде қолданыстағы рәсімдер мен нұсқаулықтарға өзгерістер енгізу және т.б.);

14) ӨПҚ сәйкестік аудиттерін жүргізу, түзету және алдын алу іс-қимылдарын айқындау және белгіленген мерзімдерде дереу шаралар қабылдау;

15) жұмыстың қауіпсіз және озық әдістерін практикаға енгізу, барлық қауіпсіз емес әрекеттер мен қауіпсіз емес жағдайларды жедел түзету.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Осы Стандарт ҚМГ компаниялар тобында қолдануға арналған және технологиялық және өндірістік процестің қауіпсіздігі мен қауіп-қатерлерін жою үшін әзірленген және олардың операцияларының көлемі мен күрделілігіне қарай өндірістік және пайдалану объектілері (мұнай мен газды өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау) үшін де, сервистік операциялар (құрылыс жұмыстары, ұңғымаларды күрделі жөндеу, электр энергиясын бөлу, мұнай және мұнай өнімдерін сақтау, жағармай құю станциялары) үшін де тең дәрежеде қолданылады.

2.2. Осы Стандарт қолданыстағы МЖ алмастырушы болып табылмайды, бірақ МЖ қандай салаларды қамтуы керектігін белгілейді, ал қажет болған жағдайда жақсартылуы қажет кез келген аспектілерді анықтау үшін МЖ әрбір

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 4-беті

элементінің күтілімдерімен салыстырғанда олқылықтарға бағалау жүргізуді айқындайды.

2.3. Осы Стандарттың талаптары қызметкерлердің, мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің орындауы үшін міндетті және барлық ілеспе жұмыстар және Объектіде көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау кезінде барлық мердігерлерге/қосалқы мердігерлерге қатысты ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарына қолданылады.

2.4. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында осы Стандартты қолдану ұқсас стандарттарды әзірлеу және бекіту немесе ұйымның ішкі құжаттарын осы Стандартқа сәйкес келтіру жолымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте осы Стандартта қамтылған талаптар ұқсас стандарттармен және ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ішкі құжаттарымен салыстырғанда төмендетілмеуге тиіс.

2.5. Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің осы Стандарттың талаптарын сақтау жөніндегі жауапкершілігі тиісті мердігерлік шартта регламенттеледі. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар осы стандарттың талаптарын басшылыққа ала отырып, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау кезінде шарт жасасу кезінде мердігер ұйым үшін осы міндеттемелерді айқындауға жауапты болады.

3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Стандартта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚМГ компаниялар тобы	ҚМГ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ-нің бақылау құқығы бар заңды тұлғалар.
Авария	Ғимараттар, құрылыстар және (немесе) техникалық құрылғыларды бұзу, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы
Сәйкестік аудиті	Аудит куәлігін алу және аудит өлшемшарттарына сәйкестік дәрежесін айқындау мақсатында оны толық бағалауға арналған жүйелі, тәуелсіз және құжатталатын процесс

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ЖҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 5-беті

Тосқауыл	Ықтимал қауіпті іске асыру ықтималдығын азайтуға және оның салдарларын азайтуға бағытталған қорғау шаралары
ӨПҚ	Өндірістік процестердің қауіпсіздігі
ЕҚжЕҚ	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау
Газ қауіпті жұмыстар	Газдалған ортада немесе газ шығуы мүмкін болған кезде орындалатын жұмыстар
Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті (ЕҚОҚД)	ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ-нің жауапты құрылымыд бөлімшесі
Қоршаған ортаның ластануы	Ластанған заттардың, радиоактивтік материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға түсуі, сондай-ақ шуылдың, дірілдердің, магнит өрістері мен басқа да физикалық күштің қоршаған ортаға әсері
Заңнамалық талаптар	Халықаралық конвенциялар, стандарттар мен шарттарды, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерді қоса алғанда, нормативтік құқықтық және рұқсат құжаттарында қамтылатын талаптар
Кешіктіру индикаторы (Lagging indicator)	Бір немесе одан да көп кедергілерден (тосқауылдардан) бір мезгілде көрінетін, тәуекелдерді басқару жүйесіндегі дәрежені және нақты кедергілерді бағалауға арналған индикатор
Оқыс оқиға	Қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе бүлінуі, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектіде технологиялық процесс режимінен ауытқу
ҚЕҚОҚОДК	ҚМГ Директорлар кеңесінің Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті
Комитет	ҚМГ/ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті
Қауіпсіздіктің сыни элементтері (Safety Critical Elements)	Технологиялық процестердің қауіпсіздігіне байланысты тосқауылдар мен басқару құралдары (аппараттық қамтамасыз ету - құбырдың жұмысы, авариялық ажырату немесе бекіту клапандары және т.б.)
Қауіпсіздікке арналған сыни жабдық (Safety critical equipment)	Бірлі-жарым істен шығу жағдайында қауіпті жағдайға немесе аварияға әкеп соғуы мүмкін жабдық немесе оның жеке бөлігі, басқару жүйесі

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 6-беті

	немесе қорғаныс құрылғысы
Желілік басшылар	Жұмыс өндірісіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлері (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер, учаскелер/цехтар бастықтары), сондай-ақ басқа да қызметтердің басшылары
Механикалық тұтастық (Mechanical Integrity)	Талап етілетін функцияларды орындау үшін жабдықты жобалауды, дайындауды, орнатуды және техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін аса маңызды технологиялық жабдықты басқару. Механикалық тұтастық ӨПҚ-ның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады және активтерді/объектілерді/жабдықтарды, сондай-ақ активтерді/объектілерді / жабдықтарды адамдар мен қоршаған орта үшін сенімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндей етіп жобалауды, өндіруді, орнатуды, пайдалануды және қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін қажетті іс-әрекеттерді қамтиды
Тәуекелдер мен қауіптерді бағалау әдістері	Тәуекелдерді бағалау үшін немесе тәуекелдерді бағалауды жүргізу процесінде көмек көрсету үшін пайдаланылатын құралдар мен әдістер. Тәуекелдерді бағалау тереңдік пен нақтылаудың әртүрлі дәрежесімен және қарапайымнан күрделіге дейін бір немесе одан да көп әдістерді қолдана отырып жүргізілуі мүмкін. Бағалау нысаны және оның нәтижесі мән-мәтінді белгілеу бөлігі ретінде әзірленген тәуекелдің өлшемшарттарына сәйкес келуі тиіс
Наряд-рұқсат	Жоғары қауіпті жұмыстарға қолданылатын жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге ҚМГ компаниялар тобы ұйымының жазбаша өкімі, онда барлық қажетті қауіпсіздік шаралары және жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты тұлғалар көрсетіледі
Жазатайым оқиға	Қызметкерге, жұмыс берушінің еңбек (қызметтік) міндеттемелері немесе тапсырмаларын орындауы кезінде оған зиянды және(немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі, нәтижесінде қызметкер өндірістік жарақат алады, кенеттен

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 7-беті

	денсаулығы нашарлайды немесе уланып қалады, яғни оның жұмысқа қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты түрде айырылуына немесе өліміне әкеліп соғады.
Объект	ҚМГ компаниялары ұйымдарының аумақтарындағы (келісімшарт аумақтарындағы) өндірістік қызметте пайдаланылатын ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдық және мұнайды қайта өңдеу қондырғылары, бұрғылау қондырғылары мен бұрғылау жабдығы, газ, мұнай айдау стансалары мен құбыр жолдары, резервуарлар паркі, инженерлік үй-жайлар және көлік құралдары мен полигондар, басқа да техникалық құрылғылар, көлік құралдары мен арнайы техника
От жұмыстары	Ашық отты пайдалануға байланысты, ұшқын тудырушы және газдың, жанғыш сұйықтықтардың, материалдар мен құрылыстардың (электр дәнекерлеу, газбен дәнекерлеу, бензо-керосинмен кесу, дәнекерлеу жұмыстары, ұшқын тудыру арқылы металды механикалық өңдеу) жануын тудыруы мүмкін температураға дейін қыздырумен байланысты технологиялық операциялар
Қауіпті өндірістік фактор	Жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған ортаға зиян (залал) келтіретін қауіпті өндірістік объектілерде және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын физикалық құбылыс
Операциялық бақылау	Маңызды аспектілер мен Тәуекелдерді басқаруға (мониторинг, алдын алу және төмендетуге) бағытталған іс-шаралар немесе қызмет
Озыңқы индикатор (Leading indicator)	Тәуекелді басқару жүйесін қолдауда тиімділікті көрсететін тәуекелдерді басқару жүйесіндегі дәрежені және нақты салдарларды бағалауға арналған индикатор
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ	Еңбек қауіпсіздігі және қызметкерлердің денсаулығы мен еңбек гигиенасын қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, сәйкестікті басқару, қоршаған ортаны қорғау (шығарындыларды, төгінділерді және

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 8-беті

	қалдықтарды басқару), табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану (су, жануарлар және өсімдіктер әлемі, энергия тиімділігі) сияқты бағыттарды өзінде қамтитын еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет бағыты
Істен шығу	Жабдықтың жұмысқа қабілетті жай-күйінің бұзылуы, бұл ретте бір немесе бірнеше ақаулары бар
Тәуекелді бағалау	ҚМГ үшін оның басталуы ықтималдығын бағалау және болуы мүмкін залалына бағалау жүргізу арқылы сәйкестендірілген тәуекелдің сандық және/немесе сапалы көрсеткішін айқындау
Мердігерлік (Мердігер)	ұйым ҚМГ компаниялар тобы ұйымымен жасалған мердігерлік шарт бойынша жұмыстарды орындайтын/қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға
Өрт	Адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян, жеке және заңды тұлғаларға, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне материалдық шығын келтіретін бақылаусыз жану
Бастапқы қорғаныстың жоғалуы (Loss of Primary Containment, LOPC)	Уытты емес және жанбайтын материалдарды (мысалы, бу, ыстық конденсат, азот, сығылған CO₂ немесе сығылған ауа) қоса алғанда, бастапқы қорғаныш қабығынан жоспарланбаған немесе бақыланбайтын материалдың шығарылуы
Қауіпсіз пайдалану шектері (Safe Operating Limits, SOL)	Ауытқулары аварияға әкелуі мүмкін технологиялық процесс параметрлерінің жобада белгіленген мәндері
Оқиға	ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік қызметі нәтижесінде немесе процесінде болатын, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаға, өртке, жарылысқа, аварияға, жол-көлік оқиғасына немесе ҚМГ компаниялар тобының бизнесі мен беделіне әсер ететін кез келген басқада оқиғаға әкеліп соғатын немесе әкеліп соғуы мүмкін кез келген жоспарланбаған оқиға
Өндірістік процесс	Жұмыс істеушілердің еңбек қызметі мен еңбек функцияларын қоса алғанда, технологиялық және өндіріске қажетті өзге де процестердің; жұмыс (өндірістік) операциялардың жиынтығы

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 9-беті

Өнеркәсіптік қауіпсіздік (ӨҚ)	Жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалуының жай-күйі
Қызметкер	ҚМГ компаниялары тобы ұйымымен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға
Жұмыс орны	Қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттемелерін орындауы кезіндегі оның тұрақты немесе уақытша тұратын жері
Тәуекел	Сапа менеджменті жүйесінің шеңберінде – тиісті сапамен қамтамасыз ету қабілетіне, тәуекелдерді басқару жүйесінің саласында – стратегиялық мақсаттарға табысты қол жеткізу қабілетіне, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде – ҚМГ қызметкерлерінің денсаулығына теріс әсерін тигізетін жағымсыз оқиғаның басталу мүмкіндігі
ҚМГ басшылығы (басшы қызметкерлер)	Төраға және Басқарма мүшелері
Бизнес-бағыттың басшысы	Тиісті бизнес-бағытты басқаратын Басқарма төрағасының орынбасары: «Барлау және өндіру», «Мұнай тасымалдау және халықаралық жобалар», «Газ тасымалдау және маркетинг», «Қайта өңдеу және мұнай-химия», «Стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту», «Экономика және қаржы»
Қызмет бағытының басшысы	Қызметтің тиісті бағытын басқаратын құрылымдық бөлімшенің басшысы: «Экономика және қаржы», «Стратегия», «Адами ресурстарды басқару», «Корпоративтік қауіпсіздік», «Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау», «Құқықтық қамтамасыз ету», «Тәуекелдерді басқару», «Трансформациялау»
Құрылымдық бөлімшелердің басшылары	Департаменттердің, бөлімдердің, қызметтердің, диспетчерлік-талдау орталығының директорлары (Департамент құрамына кірмейтін)
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі	ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметтің бағыты үшін жауапты ЕТҰ құрылымдық бөлімшесі, ол болмаған жағдайда ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ЕТҰ құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін маман

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 10-беті

ҚМГ құрылымдық бөлімшелері	ҚМГ-нің мұнай және газ өндіру, мұнай және газ тасымалдау, мұнай өңдеу және маркетингі, ірі өндіруші активтер, мұнай сервисі бойынша қызметінің бағыттарына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер
МЖ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобында денсаулықты сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі
Қосалқы мердігерлік ұйым (қосалқы мердігер)	ҚМГ/ҚМГ компаниялар тобының ұйымы алдындағы міндеттемелерін орындау үшін мердігермен шарт бойынша белгілі бір жұмысты орындайтын жеке немесе заңды тұлға
Технологиялық процесс	Еңбек нысанасының жағдайын өзгерту және (немесе) айқындау бойынша мақсатты іс-әрекетті қамтитын өндірістік процестің бір бөлігі.
Технологиялық регламент	Техникалық басшы бекітетін, процесті немесе оның жекелеген кезеңдерін (операцияларын) жүргізу технологиясын, өнім өндірісінің режимі мен технологиясын, жұмыстың қауіпсіз шарттарын айқындайтын құжат;
Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару, ӨПҚБ (осы Стандарттың мақсаттары үшін) (Process Safety Management, PSM)	Өндірістік процестердің қауіпсіздігіне байланысты оқиғаларды болдырмау мақсатында технологиялық тәуекелдерді/қауіптерді айқындау, түсіну және бақылау үшін өндірістік процесті басқару және бақылау жүйесін (бағдарламалар, рәсімдер, аудиттер, бағалар) қолдану
Өзгерістерді басқару (Management of Change) (осы Стандарттың мақсаттары үшін)	Заңнамалық талаптардағы, өндірістік процестердегі, рәсімдердегі, жабдықтар мен технологиялардағы, ұйымдық құрылымдағы, өнімдердегі және қызметтердегі, білімдегі өзгерістер және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қауіптер және олармен байланысты тәуекелдер туралы ақпарат сияқты ӨПҚ көрсеткіштеріне және тұтастай алғанда МЖ-ға әсер ететін жоспарланған өзгерістерді (уақытша немесе тұрақты) басқару процесі
Төтенше жағдай (ТЖ)	Адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 11-беті

	объектілеріне нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай
Occupational Safety and Health Administration (OSHA)	Еңбекті және денсаулықты сақтау басқармасы
International Association of Oil & Gas Producers (IOGP)	Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өз өкілеттіктері шеңберінде:

1) қызметкерлердің, мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің заңнамалық талаптарға сәйкес объектілердегі технологиялық және өндірістік процестерге байланысты тәуекелдерден/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардан қауіпсіздігіне;

2) ӨПҚ-мен байланысты оқиғалардың алдын алуға және оларға жол бермеуге;

3) ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында ӨПҚБ жүйесін ұйымдастыруға, енгізуге, жұмыс істеуіне және қажетті ресурстармен (қаржылық, материалдық және адами) қамтамасыз етуге;

4) осы Стандарттың талаптарына сәйкес сәйкестік аудиттерін ұйымдастыруға;

5) осы Стандарттың талаптарына сәйкес ӨПҚ тиімділігін бағалау жүйесін енгізуге және жүргізуге;

6) ҚМГ компаниялары тобында ӨПҚБ бойынша үздік және озық практикаларды енгізуге жауапты болады.

4.2. Желілік басшылар:

1) тікелей бағынысты қызметкерлердің, мердігерлердің /қосалқы мердігерлердің осы Стандарттың талаптарын олардың басқаруындағы немесе бақылауындағы объектілердің технологиялық және өндірістік процестерінің барлық сатыларында сақтауы мен орындауын бақылауға және мониторингілеуге;

2) осы Стандарттың талаптарына сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарына ӨПҚБ жүйесінің енгізілуін бақылауға және мониторингілеуге;

3) Қызметкерлердің ӨПҚБ құрылымындағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттерге сәйкестігіне;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 12-беті

4) тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалауды, оқиғаларды болдырмау жоспарларын ұйымдастыруға және жүргізуге, қызметкерлермен және олардың өкілдерімен консультация беруге;

5) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы әлеуетті тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туралы қызметкерлерді, мердігерлерді/қосалқы мердігерлерді және басқа да мүдделі тараптарды уақтылы хабардар етуге;

6) осы Стандарттың талаптарына сәйкес қызметкерлердің, мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің процестің қауіпсіздігі және қоршаған орта бойынша құжатталған (жазбаша) ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

3) осы Стандарттың талаптарына сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында 1 және 2- тараптардың сәйкестік аудиттеріне қатысуға;

8) осы Стандарттың талаптарына сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында ӨПҚ тиімділігіне бағалау жүргізуге қатысуға жауапты болады.

4.3. ҚМГ құрылымдық бөлімшелері өз өкілеттіктері мен құзыреттері шеңберінде:

1) ҚМГ компаниялар тобында осы Стандарттың талаптарын енгізуді, сақтауды бақылауға және мониторингілеуге;

2) ҚМГ компаниялар тобында ӨПҚБ бойынша процестерді ұйымдастыруға қатысуға;

3) ҚМГ компаниялар тобының жетекшілік ететін ұйымдарының объектілерінде технологиялық және өндірістік процестердің ерекшеліктері мен қызметінің ерекшелігін ескере отырып, ӨПҚБ бойынша осы Стандарттың енгізілуін бақылауға және мониторингілеуге;

4) ұқсас стандарттардың осы стандарттың талаптарына сәйкестігі мақсатында оларды актуалдау кезінде әдістемелік жәрдем көрсетуді қамтамасыз етуге;

5) осы Стандарттың талаптарына сәйкес ҚМГ компаниялар тобында ӨПҚБ жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуге қатысуға;

6) осы Стандартты актуалдауға және жетілдіруге қатысуға жауапты болады.

4.4. ЕҚОҚД мыналарға:

1) ҚМГ компаниялар тобында осы Стандарттың талаптарын енгізуді, сақтауды бақылауға және мониторингілеуге;

2) ҚМГ компаниялар тобында ӨПҚБ бойынша процестерді ұйымдастыруға қатысуға;

4) осы Стандарттың талаптарына сәйкес ҚМГ компаниялар тобында ӨПҚБ жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуге қатысуға;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 13-беті

4) ӨПҚБ саласындағы үздік және озық практикаларды енгізу бойынша ұсыныстарға әдістемелік жәрдемдесуді және дайындауды қамтамасыз етуге;

5) ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен осы Стандартты актуалдауға және жетілдіруге жауапты болады.

4.5. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі мыналарға:

1) ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында ӨПҚБ бойынша процестерді ұйымдастыруға қатысуға;

2) объектілердегі технологиялық және өндірістік процестердің барлық сатыларында тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалауға қатысуға;

3) осы Стандарттың талаптарына сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында 1 және 2- тараптарының сәйкестік аудиттеріне қатысуға;

4) осы Стандарттың талаптарына сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында ӨПҚБ жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуге қатысуға;

5) ЕҚОҚД-пен бірлесіп, ӨПҚБ саласындағы үздік және озық практикаларды енгізу жөнінде ұсыныстар дайындауға;

6) осы Стандарт талаптарының сақталуын бақылауға және мониторингілеуге жауапты болады.

4.6. ҚМГ компаниялары тобының қызметкері:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық талаптарды және объектідегі технологиялық және өндірістік процестердің барлық сатыларында осы стандарттың талаптарын сақтауға;

2) Объектінің технологиялық және өндірістік процестерінің барлық сатыларында өзінің тікелей басшысын тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туралы уақтылы хабардар етуге жауапты болады.

5. СИПАТТАМАСЫ

5.1. ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ТӘСІЛДЕМЕСІ

5.1.1. Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару моделі

Өндірісте қаржылық тұрақтылықты, шығындар мен активтерді оңтайландыруды, қауіпсіздікті қамтамасыз ету ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясында өнімділікті, экономикалық тиімділік пен сапаны арттыру, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобының өндірістік активтерінің үздіксіз жұмысы мен тиімділігін қамтамасыз етуде тұрақты жақсартуларға қол жеткізу үшін негізгі бастамалардың бірі болып табылады.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 14-беті

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ішкі құжаттарға сәйкес ҚМГ өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын белгілейді, тәуекелдердің/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың алдын алады, қоршаған ортаның ластануын болдырмайды, Оқиғалармен байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады.

ҚМГ-нің дамуы ҚМГ компаниялар тобы қызметінің барлық аспектілерін: Ұйым – адамдар – процестер – технологиялар қозғайтын ӨПҚБ моделін құруға және іске асыруға бағытталған, ол(KMG-F-2543.3-13/ ST-3679.2-13) көрсетілген.

5.1.2. Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару құрылымы мен элементтері

ӨПҚБ құрылымы ҚМГ компаниялар тобының өндірістік қызметінің тұтастығын қамтамасыз ету үшін қажетті іс-қимылдарды, оларды қабылдау, түсіну және осы іс-қимылдарды орындау үшін шараларды айқындайды.

ӨПҚБ құрылымы үш деңгейден тұрады:

1) Басым салалар. ӨПҚБ құрылымының негізгі жоғары деңгейлі компоненттері айқындалды: Ұйым – Адамдар – Процестер – Технологиялар;

2) Элементтер. Басым салалардың ішінде технологиялық және өндірістік процестердің негізгі аспектілерін айқындайтын және ҚМГ компаниялар тобы өзінің тұтастығына кепілдік беру үшін тиісті түрде орындайтын 14 элемент анықталды;

3) күтілімдер. Әрбір элемент әр элементтің ниетіне сәйкес болу үшін дұрыс орындауға қажетті іс-қимылдардың нақты анықтамасын баяндайтын бірқатар күтілімдерді қамтиды.

5.1.3. Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару бойынша басым салалар

5.1.3.1. Көшбасшылық және қауіпсіздік мәдениетін арттыру

Басым сала аясына ҚМГ компаниялар тобының нені анықтайтынын, ол қабылдауға және ӨПҚ талап етілетін деңгейіне қол жеткізу үшін қажетті ресурстарының болуын қамтамасыз етуге дайын ӨПҚ тиімділігі мен өнімділігінің деңгейі туралы хабарлайтынын белгілейтін 2 элемент кіреді:

1) Көшбасшылық және бейілділік;

2) Оқыту және құзыреттер.

5.1.3.2. Тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау және бағалау

Басым сала шеңберіне ҚМГ компаниялар тобының тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтауды және бағалауды қамтамасыз ететінін, қажетті бақылау шараларын айқындайтынын, тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау және бағалау жөніндегі іс-

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 15-беті

қимылдар нәтижесінде алынған ӨПҚ туралы білімді тіркейтінін, қолдайтынын айқындайтын 2 элемент кіреді:

- 1) Процестің қауіпсіздігі және қоршаған орта туралы ақпарат;
- 2) Процестің тәуекелдері мен қауіптерін талдау.

5.1.3.3. Тәуекелдерді басқару

Басым сала аясына ҚМГ компаниялар тобының тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау және бағалау барысында айқындалған тәуекелдерді / қауіпті және зиянды өндірістік факторларды енгізеді, бақылау шараларын басқарады деп айқындайтын 7 элемент кіреді:

- 1) Нұсқаулықтар, регламенттер және рәсімдер;
- 2) Механикалық тұтастық;
- 3) Қауіп жоғары жұмыстар;
- 4) Өзгерістерді басқару;
- 5) Қауіпсіздікті іске қосу алдында тексеру;
- 6) ТЖ-ға ден қою іс-қимылдары мен жоспарлары;
- 7) Мердігерлердің қауіпсіздігі.

5.1.3.4. Шолу және жақсарту

Басым сала аясына ҚМГ компаниялар тобының нені өлшейтінін, ӨПҚБ құрылымының болжалдарына сәйкестігін тексеретін, растайтын, осы өзгерістер мен нәтижелерден сабақ алатын 3 элемент кіреді:

- 1) Оқиғаларды тексеру;
- 2) ӨПҚБ сәйкестік аудиттері;
- 3) ӨПҚБ тиімділігін арттыру.

5.1.4. **Жұмыс орнының қауіпсіздігі мен өндірістік процестердің қауіпсіздігі арасындағы байланыс**

5.1.4.1. Екі бағыт та ҚМГ басшылығының, бизнес-бағыттар басшыларының, қызмет бағыттары басшыларының, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшыларының, ҚМГ компаниялар тобының барлық деңгейлеріндегі желілік басшылардың тұрақты бейілділігін талап етеді.

5.1.4.2. Негізінен, жұмыс орнындағы ҚЖЕҚ қызметкерлердің іс-әрекеттеріне бағдарланған және олардың нәтижесінде Оқиға орын алған (мысалы, биіктіктен құлау, электр тоғынан зақымдану және т.б.) шоғырланған;

5.1.4.3. ӨПҚ-ға байланысты оқиғалар апатты салдарға, қызметкерлердің көптеген жарақаттарына, жабдықтар мен өндірістің тоқтап қалуына, мүлік пен активтердің ысырабына, қоршаған ортаның ластануына әкелуі мүмкін. Процесс толығымен процестер мен жүйелердің жұмыс істеуіне бағдарланған (тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау және бағалау, механикалық тұтастық және т.б.).

5.1.4.4. Жұмыс орнындағы ҚЖЕҚ және ӨПҚ-ға байланысты оқиғалар қызметкерлердің адами немесе мінез-құлық факторларындағы түбегейлі

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 16-беті

себептері болғанына қарамастан, жұмыс орнындағы ҚЖЕҚ-ны тиісінше сақтау да ӨПҚ-ның 100% тиімділігі мен өнімділігіне кепілдік бере алмайды.

5.2. ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.2.1. ҚМГ компаниялар тобындағы Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеттері

ҚМГ компаниялар тобындағы ӨПҚ бойынша негізгі басқару органдары комитеттер болып табылады:

- 1) ҚМГ компаниялар тобы деңгейінде – ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі басқаратын ҚЕҚОҚТБК;
- 2) ҚМГ Орталық аппараты деңгейінде – ҚМГ Басқарма төрағасы басқаратын ҚМГ комитеті;
- 3) ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары деңгейінде – бірінші басшы басқаратын ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының комитеті.

5.2.2. Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару комитеттерінің функциялары

5.2.2.1. ҚМГ Директорлар кеңесінің деңгейінде (ҚЕҚОҚТБК):

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚБ саласындағы ішкі реттеуші құжаттарды (стандарттарды) бекіту;

- 2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚБ саласындағы ҚМГ-нің бағдарламалық құжаттарының тиімділігін бақылау;
- 3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚБ саласындағы іс-шараларды мониторингілеу және бағалау;

4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәдениетін қалыптастыру және арттыру;

5) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді, өндірістегі және ірі технологиялық авариялардағы өлім жағдайларын тергеп-тексеру нәтижелері бойынша есептілікті қарау, сондай-ақ қажетті шаралар қабылдау бойынша ұсынымдар әзірлеу;

6) ҚМГ ӨПҚБ сәйкестік аудитінің нәтижелерін қарау;

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚБ және жалпы алғанда МЖ жақсарту және тұрақты жетілдіру.

5.2.2.2. ҚМГ орталық аппараты деңгейінде (ҚМГ комитеті):

1) МЖ, ӨПҚБ ұйымдастыру және қажетті (қаржылық, материалдық және адами) ресурстармен қолдау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ҚМГ ӨПҚБ саласындағы көрсеткіштердің мониторингі, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді талдау және бағалау;

3) ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының комитеттерімен үйлестіру және тиімді өзара іс-қимыл жасау.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 17-беті

4) ҚМГ компаниялар тобында ӨПҚБ сәйкестік аудитін ұйымдастыру және жүргізу.

5.2.2.3. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары деңгейінде (ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының комитеті):

1) оқиғалар статистикасын оның өзгерту үрдістерін анықтау және есеп жасау үшін талдау, сондай-ақ түзету іс-қимылдары бойынша ұсынымдар беру;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚБ саласындағы ішкі регламенттеуші құжаттардың (стандарттардың) енгізілуін бақылау, оларды уақтылы актуалдандыру;

3) 1 және 2-тараптардың ӨПҚБ сәйкестік аудитін ұйымдастыру және жүргізу;

4) мемлекеттік бақылаушы органдардың тексеру актілері мен нұсқамаларын және сәйкестік аудиттерінің есептерін қарау;

5) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша оқыту тиімділігінің мониторингі;

6) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ тәуекелдері мен қауіптері бойынша қызметкерлерді хабардар ету;

7) ӨПҚБ тиімділігін талдау және бағалау.

5.3. КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БЕЙІЛДІЛІК

5.3.1. Басшылардың айқын бейілділігі

5.3.1.1. ҚМГ-де ҚМГ қажеттіліктерін көрсету үшін үнемі қайта қаралатын ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен ҚМГ-нің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерінің «Алтын қағидалар» кодексі, ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау жөніндегі көшбасшылық және бейілділік кодексі, ҚМГ-нің еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты және ҚМГ-нің экологиялық саясаты қолданылады.

5.3.1.2. МЖ, ӨПҚ басқару және қолдау тетіктері ҚМГ Директорлар кеңесінен бастап ҚМГ компаниялар тобының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ комитеттері жүйесі арқылы қызметкерлерге дейінгі барлық деңгейлерде айқындалған және іске асырылады.

5.3.1.3. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы жеке бейілділігі мен жауапкершілігін көрнекі түрде көрсетеді;

2) ашық және сенімді ортаны құруға ықпал етеді және олардың мінез-құлқы басқа қызметкерлерге қалай әсер ететінін түсінеді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 18-беті

3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы нақты мақсаттар мен міндеттерді, тиімділіктің нысаналы көрсеткіштері мен іс-қимыл жоспарларын белгілейді және МЖ, ӨПҚ тиімділігі мен өнімділігін тұрақты бағалайды;

4) қызметтің ерекшелігін, өндірістің күрделілігін, технологиялық және өндірістік процестерге байланысты тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды ескере отырып, МЖ, ӨПҚ енгізудің көлемін, басымдығын және қарқынын белгілейді;

5) МЖ, ӨПҚ басқару үшін рөлдерді, міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершілікті бөледі;

6) оқиғаның іске асырылу ықтималдығын азайту үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы белгілі бір рөлдер мен міндеттерді орындау үшін жеткілікті ресурстармен (қаржылық, материалдық және адами) қамтамасыз етеді;

7) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ негізгі проблемаларын анықтау және шешу үшін жұмыс орнында/объектіде не болып жатқанын түсінуді, сондай-ақ жақсартуға арналған мүмкіндіктерді қолдайды;

8) ҚМГ компаниялар тобының талап етілетін көрсеткіштерінен ауытқуларды түзету (жою) мақсатында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы қауіпсіз мінез-құлық пен өнімділікті, объектілерде қызметкерлердің өздерінің не айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына негізделген түрде қатер төндіретін ахуал туындаған кезде араласуды таниды және көтермелейді.

5.3.2. Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқаруға қызметкерлерді тарту

5.3.2.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар:

1) қызметкерлерді ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ҚІТ саласындағы саясаттарға, мақсаттарға, міндеттерге, тиімділіктің жоспарлы көрсеткіштеріне, іс-қимыл жоспарларына және ҚМГ компаниялар тобының ішінде және одан тыс жерлерде оқиғалардан алынған сабақтармен алмасуға қатысты екіжақты қарым-қатынасқа тартады;

3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ мәселелерінде қызметкерлердің, мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің хабардарлығын тұрақты арттыру үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласында ілгерілету және тарту жөніндегі бағдарламаларды енгізеді, сондай-ақ ашықтық, айқындық, сенім, уәждеу, жеке жауапкершілік, қатысу және бейілділік мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

5.3.2.2. Қызметкерлер мен Мердігерлер/Қосалқы мердігерлер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ көрсеткіштерін жақсартуға белсенді қатысады және ӨПҚ-ға байланысты тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, оларды анықтау, басқару және бақылау туралы білімдері бар.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 19-беті

5.4. ПРОЦЕСТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА БОЙЫНША АҚПАРАТ

5.4.1. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық талаптар мен салалық стандарттарды сәйкестендіру және сақтау

5.4.1.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының, ЕҚОҚД басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі:

1) қолданыстағы заңнамалық талаптардың (кодекстерді, заңдарды, заңға тәуелді актілерді, лицензияларды, рұқсаттарды, салалық стандарттарды) және актуалды жағдайда айқындалған, құжатталған, қолдау көрсетілетін және ҚМГ компаниялары тобының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қызметкерлердің назарына жеткізілетін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы уәкілетті органдардың басқа да талаптарының анықталуын, түсінуін және сақталуын қамтамасыз етеді;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы заңнамалық талаптар мен салалық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді, оларды сәйкестендіру жөнінде шаралар қабылдайды, олардың ҚМГ компаниялар тобы қызметінің орындалатын түрлеріне сәйкестігін жүйелі түрде тексереді.

5.4.1.2. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы заңнамалық талаптар мен салалық стандарттарға сәйкестікті сәйкестендіру және тексеру ҚМГ компаниялар тобының барлық деңгейлерінде жүргізіледі.

5.4.2. Қауіпті химиялық заттар мен материалдар туралы ақпарат

5.4.2.1. Тәуекелдерге/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға бағалау жүргізер алдында ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары процестің қауіпсіздігі және қоршаған орта бойынша құжатталған ақпаратты (жинақты) жасайды.

5.4.2.2. Процестің қауіпсіздігі мен қоршаған орта туралы құжатталған ақпаратты (жинақты) жасау тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды талдау үшін талап етіледі, қауіпті химиялық заттар мен материалдарды пайдалана отырып, технологиялық және өндірістік процестерден туындайтын қауіпті және зиянды өндірістік факторларды/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау мен түсінуге қызметкерлерге жәрдемдеседі.

5.4.2.3. Процестің қауіпсіздігі және қоршаған орта туралы ақпарат технологиялық және өндірістік процестерде пайдаланылатын немесе жүргізілетін қауіпті (аса қауіпті) химиялық заттармен және материалдармен байланысты қауіптер туралы ақпаратты қамтуы тиіс, оның ішінде:

- 1) уыттылық;
- 3) әсер етудің рауалы шектері;
- 3) физикалық деректер;
- 4) реактивтілік туралы деректер;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 20-беті

5) коррозиялық белсенділік туралы деректер;

6) әртүрлі заттар мен материалдарды абайсызда араластыру кезінде термиялық және химиялық тұрақтылық, қауіпті әсерлер туралы деректер;

7) қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығына, қоршаған ортаға әсер ететін ауытқулардың салдарларын бағалау;

8) заңнамалық талаптарға сәйкес келетін химиялық заттар мен материалдардың қауіпсіздік паспорттары.

5.4.3. Жабдықтың технологиялық процесі, дизайны және конструкциясы туралы ақпарат

5.4.3.1. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары пайдаланылатын немесе жаңадан пайдалануға берілетін жабдықтың сертификатталғанын және заңнамалық талаптарға сәйкес келетінін, мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сәйкес жобаланғанын, өндірілгенін, қызмет көрсетілетінін, тексерілетінін (тестіленетінін) және қауіпсіз режимде пайдаланылатынын құжатпен растайды.

5.4.3.2. Жабдықтың технологиялық процесі, дизайны және конструкциясы туралы ақпаратты бағалау мыналарды:

1) блок-схемаларды немесе технологиялық процестің оңайлатылған схемаларын, технологиялық схемаларды;

2) технологиялық және бақылау-өлшеу схемаларын;

3) конструкция материалдарын;

4) құбырлар мен аспаптардың схемаларын;

5) құбырлар мен жабдықтарға арналған техникалық шарттарды.

6) электр желілері мен электр қондырғыларының схемаларын, жіктеуішін;

7) қалпына келтіру жүйелерін жобалау және жобалау негіздерін;

8) түсіру және желдету жүйелерін жобалауды және орналастыруды;

9) жобалаудың пайдаланылатын нормалары мен стандарттарын;

10) бұғаттау және ажырату жүйелерінің сипаттамасын (мысалы, жүйені бұғаттау, анықтау немесе басу);

11) заңнамалық талаптарға сәйкес келетін заттар мен материалдардың қауіпсіздік паспорттарын қамтиды.

5.4.3.2. Процестің қауіпсіздігі және қоршаған орта туралы ақпарат тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтауға және түсінуге негіз береді және тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды талдауды әзірлеу кезінде қажет, сонымен қатар ӨПҚ-ның басқа элементтерін, мысалы, өзгерістерді басқару және оқиғаларды тексеру сияқтыларды сақтау үшін қажет.

5.4.4. Өзгерістерді тіркеу есебі бойынша құжаттама

5.4.4.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде:

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 21-беті

1) жүйелер мен жабдықтарды сенімді пайдалануды, объектілерге техникалық қызмет көрсетуді қолдау үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы ықтимал тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау үшін қажетті өзгерістерді есепке алу және тіркеу рәсімдерінің ұйымдастырылуын және жүргізілуін;

2) оны пайдалануды қажет ететін қызметкерлерге, мердігерлерге/қосалқы мердігерлерге өзгерістерді тіркеуді есепке алу жөніндегі құжаттамаға қол жеткізуді ұсынууды;

3) өзгерістерді тіркеу есебі бойынша құжаттаманың актуалдығын, сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етеді.

5.4.4.2. ӨПҚБ құрылымының басқа элементтерінің күтілімдеріне сәйкестігі мақсатында өзгерістерді тіркеуді есепке алу жөніндегі құжаттама мыналарды:

- 1) технологиялық жобалау және қауіпсіз пайдалану негіздерін;
- 2) сызбалар;
- 3) жабдық туралы деректерді (тексеру, сынау, техникалық қызмет көрсету және түрлендіру) және техникалық сипаттамаларды;
- 4) жұмыс орындарын қарау хаттамалары мен журналдарын;
- 5) қызметкерлерді оқыту және құзыреттілігі туралы жазбаларды;
- 6) оқиғаларды, қоршаған ортаның ластануын тексеру туралы есептерді;
- 7) жұмыс рәсімдерін;
- 8) экологиялық рұқсаттарды;
- 9) заңнамалық талаптарға сәйкестігін;
- 10) тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалауды;
- 11) ішкі құжаттар мен стандарттарды;
- 12) пайдаланылатын қауіпті заттар мен материалдарды;
- 13) материалдар мен өнімдердің паспорттарын қамтиды.

5.5. ПРОЦЕСТІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН ҚАУІПТЕРІН ТАЛДАУ

5.5.1. Процестің тәуекелдері мен қауіптерін талдауға қойылатын талаптар

5.5.1.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде:

1) объектінің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде (жобалау, салу және монтаждау, іске қосу-жөндеу, жобалау шешімдеріне сәйкес пайдалануға беру және одан шығару) тәуекелдерге/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға кешенді бағалау жүргізуді;

2) ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының қызметі нәтижесінде туындайтын тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды жүйелі анықтауды, бағалауды және басқаруды қамтамасыз етеді.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 22-беті

5.5.1.2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясатты іске асыру мақсатында тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының (KMG-MD-986.3-37) тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарында өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары (KMG-PR-251.3-37) қолданылады.

5.5.1.3. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы тәуекелдерді/ қауіпті және зиянды өндірістік факторларды кешенді бағалау мыналарға байланысты жағдайларда жүргізіледі:

- 1) пайдалану шарттарына;
- 2) іске қосу, тоқтату, техникалық қызмет көрсетуге және стандартты емес жағдайларға;
- 3) болған оқиғаларға;
- 4) технологиялық процестің қауіптеріне;
- 5) ықтимал аварияларға және мыналардан туындаған олардың салдарларына:

а) бақылау және мониторинг, басқару, сигнал беру, бұғаттау жүйелерінің істен шығуынан;

б) адами факторлардан;

в) сыртқы оқиғалардан.

Технологиялық және өндірістік процестердің тәуекелдерін/қауіпті және зиянды өндірістік факторларын әрбір бес жыл сайын кешенді бағалауды жүргізу ұсынылады.

5.5.1.4. Тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бақылау шараларын іске асыру кезінде оларды басқару және қауіпсіз әрі қолайлы деңгейге дейін төмендету үшін бақылау шараларының иерархиясы (жою, төмендету, оқшаулау, бақылау, ЖҚҚ, өндірістік тәртіп) пайдаланылады.

5.5.1.5. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы тәуекелдерді/ қауіпті және зиянды өндірістік факторларды кешенді бағалау мыналар үшін жүргізіледі:

- 1) ағымдағы операциялар;
- 2) қауіпті заттар мен материалдар;
- 3) жаңа жобалар;
- 4) тауарлар, жұмыстар мен қызметтер;
- 5) кез келген өзгерістер.

5.5.1.6. Тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау кезінде;

1) қызметкерлердің, мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің және мүдделі тараптардың денсаулығы мен қауіпсіздігі;

2) адами және ұйымдастырушылық факторлар;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 23-беті

- 3) оқиғалардан алынған сабақтар;
- 4) процестің қауіпсіздігі;
- 5) қоршаған орта;
- 6) бедел;
- 7) активтердің тұтастығы;
- 8) бизнесті тоқтату;
- 9) бөгде активтер;
- 10) клиенттер есепке алынады.

5.5.1.7. Тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалауды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету бойынша корпоративтік стандартқа (KMG-ST-3467.1-13) сәйкес Құзыретті қызметкерлер жүргізеді.

5.5.1.8. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өз өкілеттіктері шеңберінде және тәуекел/қауіпті және зиянды өндірістік фактор шамасына қарай:

1) тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау жөніндегі материалдарды қарайды, талдайды және бекітеді, құжатталатын шешімдер қабылдайды;

2) ұсынымдарды уақтылы орындау үшін тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бақылау жөніндегі шаралардың мәртебесін тұрақты түрде қайта қарайды;

3) барлық мүдделі тараптарды тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау процесі мен нәтижелері туралы хабардар етеді;

4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы жоғары тәуекелдерді төмендету жөніндегі ұсынымдардың орындалуын бақылауды және мониторингті тұрақты жүзеге асырады, оларды өзгерістердің пайда болуына қарай жаңартады.

5.5.2. Тәуекелдер мен қауіптерді бағалау әдістері

5.5.2.1. Компаниялар тобында күрделілігі әртүрлі деңгейдегі бір немесе бірнеше әдістерді (ҚР СТ ИСО/МЭК 31010-2010) пайдалана отырып, тереңдігі мен нақтылануы әртүрлі дәрежедегі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы тәуекелдер мен қауіптерді бағалау тәсілдері немесе әдістері қолданылады.

Бастапқы енгізу үшін ұсынылатын тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалауға негізделген ӨПҚБ құрылымының элементтері (KMG-F-2544.3-13/ ST-3679.2-13) көрсетілген.

5.5.2.2. Бағалау нысаны және оның шығу деректері қолдану саласын айқындау кезінде белгіленген тәуекел/қауіпті және зиянды өндірістік фактордың өлшемшарттарымен үйлесімді болуға тиіс. Тәуекелді/қауіпті және зиянды өндірістік факторды бағалау әдісін таңдаған кезде әдістің:

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 24-беті

1) қаралып отырған жағдайға және ҚМГ компаниялар тобы ұйымы қызметінің ерекшелігіне сәйкес келуі;

2) тәуекелді/қауіпті және зиянды өндірістік фактордың түрі және оны өңдеу тәсілдері туралы хабардар болуды арттыруға ықпал ететін нысанда нәтижелерді беруі;

3) процесс пен нәтижелердің қадағалануын, жаңғыртылуын және тексерілуін қамтамасыз етуі тиіс екенін ескеру қажет.

5.5.2.3. Тәуекелді/қауіпті және зиянды өндірістік факторды бағалау әдістерін таңдау кезінде олардың қолайлылығы мен жарамдылығын көрсете отырып негіздеме келтіру, әртүрлі зерттеулердің нәтижелерін біріктіру үшін пайдаланылатын әдістер мен шығу деректерінің сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

5.5.3. Қызметкерлердің тәуекелдер мен қауіптерді бағалауға қатысуы

5.5.3.1. ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлермен және олардың өкілдерімен тәуекелдердің қатерлерін/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды, ӨПҚБ әзірлеу және бағалау, оқиғаларды болдырмау жоспарларын әзірлеу мәселелері бойынша консультациялар өткізеді.

5.5.3.2. ҚМГ компаниялар тобы осы Стандартқа сәйкес ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы құжатталған (жазбаша) ақпаратқа қол жеткізуді ұсынады.

5.6. НҰСҚАУЛЫҚТАР, РЕГЛАМЕНТТЕР ЖӘНЕ РӘСІМДЕР

5.6.1. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, регламенттер және рәсімдер

ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ маңызды аспектісі болып табылатын, белгіленген параметрлер шеңберінде және заңнамалық талаптарға сәйкес жүйелер мен жабдықтардың пайдаланылуын;

2) анықталған, қолжетімді, дәл, актуалды, түсінікті, тиісті тәсілмен пайдаланылатын технологиялық және өндірістік процестерді қолдау үшін қажетті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың, техникалық регламенттер мен рәсімдердің бекітілуін;

3) пайдаланудың барынша қолайлылығына арналған адами факторды есепке алуды қамтитын өндірістік тәуекелдерге/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға мөлшерлес пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың, техникалық регламенттер мен рәсімдердің және қателер мен сәйкессіздіктердің ықтималдығын барынша азайту мәліметтерінің қолданылуын қамтамасыз етеді.

5.6.2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, техникалық регламенттер мен рәсімдер:

1) қауіпсіз жұмыс ауқымын;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 25-беті

2) қауіпсіз пайдалану немесе жұмыс ауқымы шегінен шығуды болдырмау үшін қажетті іс-қимылдарды;

3) қауіпсіз пайдалану немесе жұмыс ауқымы шегінен шығу жағдайында қабылдануы қажет іс-әрекеттер туралы нақты және анық нұсқаулықтарды қамтамасыз етеді.

5.6.3. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, техникалық регламенттер мен рәсімдер жүйелі түрде қайта қаралады, оларды тікелей қолданатын желілік басшылардың, инженерлік-техникалық қызметкерлердің және жұмысшы персоналдың қатысуымен жаңартылады.

5.6.2. Стандартты емес рәсімдер

5.6.2.1. Көптеген оқиғалар стандартты емес рәсімдерді орындау кезінде орын алатындығын ескере отырып, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар жұмыстың барлық мүмкін кезеңдерін қамтиды:

- 1) іске қосу;
- 2) тестілеуді, техникалық қызмет көрсетуді және тексеруді қоса алғанда, қалыпты пайдаланудың барлық кезеңдері;
- 3) қалыпты жұмыс жағдайларынан ауытқуларды табу және оларға ден қою;
- 4) уақытша немесе арнайы операциялар;
- 5) техникалық қызмет көрсету жағдайында пайдалану;
- 6) қалыпты өшіру;
- 7) тоқтауды қоса алғанда, авариялық операциялар;
- 8) пайдаланудан шығару, оның ішінде қауіпсіз пайдалану шектерін ескере отырып шығару;
- 9) ауытқу салдары;
- 10) ауытқуды түзету немесе болдырмау үшін, оның ішінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ аспектілерін ескере отырып, қажетті іс-әрекеттер;
- 11) процесте пайдаланылатын қауіпті заттар мен материалдардың қасиеттері;
- 12) техникалық және әкімшілік бақылауды қоса алғанда, тәуекелдердің/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмау үшін қажетті сақтық шаралары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету бойынша корпоративтік стандартқа сәйкес жеке қорғану құралдарын қолдану (KMG-ST-3407.1-13);
- 13) ауа ортасы арқылы физикалық жанасу немесе жұқтыру жағдайында қабылдануы қажет бақылау шаралары;
- 14) шикізаттың сапасын бақылау және қауіпті заттар мен материалдарды түгендеу;
- 15) кез келген ерекше немесе бірегей тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 26-беті

16) қауіпсіздік жүйелері (бұғаттау, анықтау немесе басу жүйелері) және олардың функциялары.

5.6.2.2. Жүйелерге, технологиялық жабдықтар мен қондырғыларға қызмет көрсету және оларды пайдалану кезінде, сондай-ақ жөндеу және профилактикалық жұмыстарды орындау кезінде кез келген энергия түрінің қауіпті әсерінен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ энергия көздерін оқшаулау қағидалары (KMG-PR-2065.1-13) қолданылады.

5.7. ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТЕР

5.7.1. Бастапқы оқыту және қайта даярлау

5.7.1.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде:

1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидаларына (KMG-PR-434.8-6) сәйкес қызметкерлердің оқытуға, оқу жоспарлары мен кезеңдеріне қажеттілігін анықтауды және оқытудың тиімділігін бағалауды;

2) ҚМГ компаниялары тобының қауіпті өндірістік объектілерінде ҚЖЕҚ, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметкерлерді заңнамалық талаптарда көзделген көлемде және мерзімде (әкімшілік персоналдан басқа) оқытуды (қайта даярлауды) жүргізуді;

3) ӨПҚБ процестеріне қатысатын әрбір қызметкер (жаңадан қабылданған немесе ауыстырылған қызметкер) үшін бастапқы оқытуды (кіріспе курсты қоса алғанда), процеске шолу жасауды және оның жұмыс рәсімдерін жүргізуді;

4) ӨПҚБ процесінің ағымдағы операциялық рәсімдерін түсіну және сақтау үшін ӨПҚБ процестеріне тартылған үш жылда кемінде бір рет (қажет болған кезде әрбір қызметкерге) қайта даярлауды жүргізуді қамтамасыз етеді.

5.7.2. Құзыреттер

5.7.2.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы қызметкерлердің талап етілетін құзыреттерін, сондай-ақ ӨПҚБ құрылымының болжамдарына сәйкес келетін ҚМГ компаниялар тобындағы барлық рөлдер мен міндеттер үшін орындалатын жұмыс түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін;

2) көрсетілетін қызметтерге немесе орындалатын жұмыстарға ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ саласындағы Мердігерлер/Қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің біліктілік талаптарына және құзыреттеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 27-беті

5.7.2.2. ҚМГ компаниялары тобы қызметкерлерінің құзыреттерін қамтамасыз ету мыналарды қоса алғанда, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (KMG-ST-3467.1-13) компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету бойынша корпоративтік стандартқа сәйкес жүзеге асырылады:

1) желілік басшылардың ӨПҚБ құрылымындағы рөлдері мен міндеттеріне сәйкес Қызметкерлердің құзыреттері мен жарамдылығын тұрақты бағалауды;

2) МЖ, ӨПҚ жүйелі жақсарту шеңберінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттілікті арттыру үшін қызметкерлерді оқыту мен дамытудағы олқылықтар мен қажеттіліктерді анықтауды қамтамасыз етеді.

5.7.2.3. МЖ және ӨПҚБ енгізу және іске асыру шеңберінде қызметкерлер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық пен бейілділік, тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау әдістері, өзгерістерді басқару, жобаларды басқару, механикалық тұтастық, оқиғаларды тексеру, сәйкестік аудиттері, ӨПҚ және т.б. сияқты арнайы (теориялық және практикалық) оқытудан өтеді.

5.8. МЕРДІГЕРЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

5.8.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар Мердігерлермен өзара іс-қимыл жасаған кезде:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің көрсеткіштері мен бағдарламаларына қатысты ақпаратты алады және бағалайды;

2) мердігерлерді/қосалқы мердігерлерді мердігерлердің жұмысына және технологиялық процеске байланысты болған оқиғалар, ықтимал тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туралы хабардар етеді;

3) мердігерлерге/қосалқы мердігерлерге ТЖ кезіндегі іс-қимыл жоспарларының қолданылатын ережелерін хабарлайды және түсіндіреді;

4) шарттық міндеттемелерге сәйкес объектілердің өндірістік учаскелеріндегі мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жоспарларын қарайды және бекітеді;

5) мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы өз міндеттемелерін орындауын кезең-кезеңімен бағалайды, объектілердегі мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің қызметіне байланысты оқиғаларды тіркейді.

5.8.2. Мердігерлердің/қосалқы мердігерлердің қызметтерді қауіпсіз көрсетуін немесе жұмыстарды орындауын ұйымдастыру және бақылау, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы олардың нәтижелілігін бағалау

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 28-беті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша корпоративтік стандартқа (KMG-ST-3524.1-13) сәйкес жүзеге асырылады.

5.9. МЕХАНИКАЛЫҚ ТҰТАСТЫҚ

5.9.1. Жобалау шешімдері мен сапа стандарттарына сәйкестігі

5.9.1.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде:

1) жүйелердің, технологиялық жабдықтар мен қондырғылардың тұрақты тұтастығын ұстап тұруға арналған рәсімдердің, құжатталған (жазбаша) ақпараттың болуы;

2) жүйелердің, технологиялық жабдықтар мен қондырғылардың, қызмет көрсетуге арналған материалдар мен қосалқы бөлшектердің сәйкестігі мен сапасы, оларды жобалау ерекшеліктеріне сәйкес дайындау және орнату;

3) жүйелерді, технологиялық жабдықтар мен қондырғыларды пайдаланудың белгіленген заңнамалық талаптарға, ал олардың өздеріне қойылған талаптарды қанағаттандыратын нәтижелеріне сәйкес келуі.

5.9.1.2. ҚМГ компаниялар тобы мығаларды қоса алғанда, жүйелерді, технологиялық жабдықтар мен қондырғыларды бақылау, басқару және мониторингілеу жөніндегі дәйектілік пен іс-қимылды және олардың өзара байланысы мен реттілігін қамтамасыз етеді:

1) қауіпсіздік жүйелері бөлігінде: құбырлар жүйелері, шығару және желдету жүйелері, жүйені авариялық ажырату, басқару органдары (датчиктер, сигнал беру және бұғаттау), сорғылар;

2) Механикалық тұтастық бөлігінде: жабдықты анықтау және жіктеу, қызмет көрсету рәсімдерін тексеру және сынау жиілігі, қызмет көрсетуші персоналды оқыту, сынақтардың қолайлы нәтижелерінің өлшемшарттары, дайындаушы зауыттардың ұсынымдары бар құжаттама.

5.9.2. Тосқауылдар

5.9.2.1. ҚМГ компаниялар тобы мынадай санаттарда жүйелер, технологиялық жабдықтар мен қондырғылар үшін тұтастық тосқауылдарын пайдаланады:

1) профилактика - бастапқы қорғаныс сырты, процесті басқару, бастапқы және қайталама құрылым;

2) анықтау - диспетчерлік сигнал беру, өртті, газды немесе оның шығып кетуін анықтау;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 29-беті

3) бақылау және салдарларды жұмсарту - жабдықтың бағдарлануы және олардың арасындағы қашықтық, қайталама оқшаулау және дренаж, үрлеу жүйелері, өртке қарсы қорғау және сөндіру;

4) авариялық ден қою - жергілікті сигнал беру, эвакуациялау, авариялық байланыс, авариялық электрмен жабдықтау.

5.9.2.2. Жүйелер, технологиялық жабдықтар мен қондырғылар үшін (жабдық немесе басқару жүйесі) тосқауылдар санын логикалық және басқарылатын деңгейде ұстауға болады (әдетте 20-дан аз). Тосқауылдар модельдері, олардың жұмыс істеуі және бағалануы (KMG-F-2697.4-13/ ST-3679.2-13) көрсетілген.

5.9.3. Тексеру және техникалық қызмет көрсету

5.9.3.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде:

1) жүйелердің, технологиялық жабдықтар мен қондырғылардың тұтастығын және олардың ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ талаптарына сәйкестігін қолдауды;

2) жүйенің, технологиялық жабдықтың немесе қондырғының істен шығуы нәтижесінде елеулі оқиғаның ықтималдығын азайту үшін тексерулерге және техникалық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды;

3) орналасқан жері мен ерекшеліктері туралы деректерді қоса алғанда, активтердің жаңартылған тізімдерін және жүйелер, технологиялық жабдықтар мен қондырғылар туралы жазбаларды ұсынатын жүйелерді, технологиялық жабдықтар мен қондырғыларды активтер тізілімінде сәйкестендіруді;

4) активтер тізілімі негізінде жүйелерді, технологиялық жабдықтар мен қондырғыларды тексеруді (аудиттерді) жоспарлауын және ұйымдастырылуын;

5) тексеру және техникалық қызмет көрсету бағдарламаларын (жоспарларын) бекіту, ал кестелерден ауытқыған жағдайда қайта бекітілуін;

6) тексеру және техникалық қызмет көрсету үшін құзыретті қызметкерлердің жеткілікті санын;

7) активтерді тексеру және оларға техникалық қызмет көрсету нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсынымдарды қарау және талдауды, олардың тәуекелдерге/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға мөлшерлес басымдық бойынша орындалуын қамтамасыз етеді.

5.9.3.2. Активтерді тексеру және оларға техникалық қызмет көрсету бағдарламалары (жоспарлары) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ активтерінің ұзақ мерзімді тұтастығын қамтамасыз ететін тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалауға негізделген.

5.9.3.3. Активтерді тексеруді және оларға техникалық қызмет көрсетуді активтердің, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ тұтастығы саласындағы құзыретті қызметкерлер жүргізеді.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 30-беті

5.9.3.4. Активтерді тексеру және оларға техникалық қызмет көрсету бағдарламалары (жоспарлары) тәуекелдерге/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға сәйкес ӨПҚ жақсарту үшін проблемалар мен мүмкіндіктерді анықтауға және шешуге арналған салалық тәжірибенің, оқиғалардың нәтижелерін пайдалана отырып, тұрақты түрде қайта қаралады.

5.10. ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ

5.10.1. Өзгерістерді басқару (жалпы)

5.10.1.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар ӨПҚБ құрылымына сәйкес (Ұйым-Адамдар-Процестер-Технологиялар) өз өкілеттіктері шеңберінде:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ӨПҚ деңгейін арттыруға бағытталған кез келген (тұрақты және уақытша) өзгерістер нәтижесінде туындайтын тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды жүйелі анықтауды, бағалауды және басқаруды;

2) ұсынылған өзгерістерге байланысты тәуекелдерге/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға сәйкес өзгерістерді бекітуді, барлық өзгерістер туралы тиісті жазбаларды құжаттауды;

3) қызметкерлерге, мердігерлерге/қосалқы мердігерлерге және оларды пайдалану қажет басқа да мүдделі тараптарға болған өзгерістер туралы құжатталған (жазбаша) ақпаратқа қол жеткізуді және оны хабардар етуді;

4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыретті қызметкерлердің өзгерістерін тіркеуді қамтамасыз етеді.

5.10.2. Ұйымдағы өзгерістерді басқару

5.10.2.1. Ұйымдағы өзгерістерді басқару мынадай салаларды есепке алады:

- 1) стратегия және саясат;
- 2) басқару құрылымы;
- 3) қоршаған орта;
- 4) қаржылық тұрақтылық;
- 5) өндірістік көрсеткіштер;
- 6) бедел;
- 7) бөгде активтер;
- 8) бизнесті тоқтату;

5.10.3. Персоналдағы өзгерістерді басқару

5.10.3.1. Персоналдағы өзгерістерді басқару мынадай салаларды қозғайды:

- 1) қызметкерді басқа лауазымға ауыстыруды немесе орналастыруды;
- 2) жаңа немесе жаңадан қабылданған қызметкерді;
- 3) жұмысқа дайындығын;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 31-беті

- 4) ұйымды басқару құрылымын және жұмыстарға басшылық жасауды;
- 5) денсаулық жағдайын және жұмысты орындау мүмкіндігін;
- 6) қызметкердің физиологиялық және психологиялық жай-күйін;
- 7) қызметкердің құзыретін (хабардарлығы, білімі, дағдылары мен тәжірибесі);

- 8) жұмыс ұжымдарының (ауысымдардың, бригадалардың) құрамын;

5.10.4. Процестердегі өзгерістерді басқару

5.10.4.1. Процестердегі өзгерістерді басқару мынадай салаларды қозғайды:

- 1) заңнамалық талаптар, салалық стандарттар және ішкі құжаттарды;
- 2) рұқсаттар мен лицензияларды;
- 3) өзгерту үшін себептер мен техникалық негіздерді қоса алғанда, техникалық құжаттаманы;
- 4) өзгеріске байланысты тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туралы хабарлама;
- 5) жұмысты уақыт бойынша шектеу, біліктілікті арттыру сияқты жұмсарту жөніндегі шаралар;
- 7) жұмыс рәсімдерін;
- 7) еңбек тәсілдері және жұмыстарды ұйымдастыру, жұмыстарды орындау орны;
- 8) өндірістік орта және жұмыстарды орындау шарттары.

5.10.4. Технологиялардағы өзгерістерді басқару

5.10.4.1. Технологиялардағы өзгерістерді басқару мынадай салаларды қозғайды:

- 1) активтер немесе жабдықтар;
- 2) операциялар немесе жұмыс рәсімдері;
- 3) технологиялар, өндірістік процесс, пайдаланылатын жабдықтар мен құралдар;
- 3) өнімдер, материалдар немесе заттар;
- 4) ұйым немесе персонал;
- 5) бағдарламалық жасақтама немесе басқару жүйелері;
- 6) конструкциялар немесе ерекшеліктер;
- 7) стандарттар немесе практикалар;
- 8) техникалық қызмет көрсетуді тексеру және сынау бағдарламалары (жоспарлары).

5.11. ҚАУІП ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСТАР

5.11.1. Қауіпті жұмыс түрлері

5.11.1.1. ҚМГ компаниялар тобында қауіпті жұмыс түрлерін **орындау кезінде заңнамалық талаптарда көзделген тәртіппен наряд-рұқсат жүйесі** қолданылады (Қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 32-беті

қамтамасыз ету қағидалары, Қауіп жоғары жағдайларда жұмыстарды жүргізу кезінде наряд-рұқсатты ресімдеу және қолдану қағидалары, ҚР СТ 12.3.001 - 2005, ҚР ҚН 1.03-05-2011, ҚР БК 1.03-106-2012):

1) Құзыретті қызметкердің және ҚМГ компаниялар тобының уәкілетті ішкі өкімдік құжатымен наряд-рұқсат беруі;

2) Құзыретті қызметкер мен жұмыстардың жауапты орындаушысының (прораб, шебер, бригадир) наряд-рұқсатты алуы;

3) жұмыстардың жауапты орындаушысы жұмысқа жіберер алдында наряд-рұқсатына жаза отырып, қызметкерлермен қауіпсіз өндіріс бойынша нысаналы нұсқама өткізу;

3) наряд-рұқсаты бойынша жұмыстардың аяқталғаны туралы уәкілетті құзыретті қызметкердің қолы;

4) уәкілетті құзыретті қызметкердің наряд-рұқсатының күшін жою немесе ұзарту.

5.11.1.2. Қызметтің ерекшелігіне байланысты ҚМГ компаниялар тобы жоғары қауіптілікке байланысты мынадай жұмыс (қызмет) түрлерін жүзеге асырады:

1) машина жабдықтарын жөндеу немесе оларға техникалық қызмет көрсету;

2) электр қондырғыларындағы жұмыстар;

3) тұйықталған кеңістіктегі жұмыстар;

4) жерасты коммуникациялары бар учаскелердегі жер жұмыстары;

5) от жұмыстары;

6) жүк көтергіш механизмдермен немесе оларға тікелей жақын жердегі жұмыстар;

7) биіктіктегі жұмыстар;

8) қорғаныс жүйелерін ажырату (жөндеуге арналған өрт дабылы жабдығы);

9) газ қауіпті жұмыстар;

10) темір-бетон және металл конструкцияларды (ғимараттар мен құрылыстар, құрылыс ағаштары) құрастыру және бөлшектеу жөніндегі жұмыстар;

11) жоғары өрмелеу жұмыстары;

12) қолданыстағы технологиялық қондырғыларда орындалатын жұмыстар;

13) электр беру желілеріне жақын жұмыстар және басқалар.

5.11.1.3. Қауіпті жұмыс түрлерін жүргізу кезінде тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалау «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (KMG-PR-2629.1-13) қауіп жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қауіптер мен тәуекелдерді анықтау қағидаларына сәйкес орындалады.

5.11.2. Газ қауіпті және от жұмыстары

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 33-беті

5.11.2.1. ҚМГ компаниялары тобының қауіпті өндірістік объектілерінде тәуекелдің/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың барынша жоғары дәрежесі бар газ қауіпті және от жұмыстары заңнамалық талаптарда (Қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары, ҚР СТ 1748-2008, ҚР СТ 12.3.001-2005, МЕМСТ Р 12.3.047-98) белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5.11.2.2. Газ қауіпті және отпен жүргізілетін жұмыстар өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес және заңнамалық талаптарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде оқудан өткен құзыретті қызметкерлермен жүргізіледі.

5.12. ҚАУІПСІЗДІКТІ ІСКЕ ҚОСУ АЛДЫНДА ТЕКСЕРУ

5.12.1. Пайдалану дайындығы

5.12.1.1. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары оларды пайдалануға берер алдында жүйелердің, технологиялық жабдықтар мен қондырғылардың пайдалану әзірлігі мен тұтастығын тексерудің жүйелі процесін ұйымдастырады, оған мыналар кіреді:

- 1) жаңа немесе жаңартылған қондырғылар мен жабдық;
- 2) техникалық қызмет көрсетуден кейін қалпына келтіру;
- 3) жүйені өшіргеннен, қондырғыны толық ажыратқаннан немесе жоспарлы тоқтатқаннан кейін қайта іске қосу.

5.12.1.2. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары жүйелі түрде қайта қаралатын және жаңартылатын, мыналарды қамтитын пайдалану әзірлігі үшін өлшемшарттарды қолданады:

- 1) аппараттық қамтамасыз етуді;
- 2) басқару жүйелері және бағдарламалық жасақтаманы;
- 3) адами және ұйымдастырушылық факторларды;
- 4) жұмыс рәсімдерін;
- 5) құжаттаманы.

5.12.1.3. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде:

- 1) тәуекел/қауіпті және зиянды өндірістік фактор шамасына сәйкес келетін жүйелердің, қондырғылар мен жабдықтардың пайдалану дайындығын тексеруді, талдауды орындауды;

2) құзыретті қызметкерлердің жүйелерді, қондырғылар мен жабдықтарды тексеруін орындауды және құжаттауды;

3) жұмыс элементтері бойынша анықталған проблемалар мен шешілмеген міндеттерді жіктеуді және өңдеуді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 34-беті

4) тәуекел/қауіпті және зиянды өндірістік фактор шамасына сәйкес келетін жүйелердің, қондырғылар мен жабдықтардың, пайдалануға берудің әзірлігін бекітуді және қабылдауды қамтамасыз етеді.

5.12.1.3. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары заңнамалық талаптарға (Қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары, өнеркәсіптің мұнай және газ салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары), сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдардың өрттердің алдын алуға және оларды сөндіруге дайындығын тексеру мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларына (KMG-PR-2456.1-13) сәйкес ҚМГ компаниялары тобының қауіпті өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында пайдалану дайындығын ұйымдастырады.

5.12.2. Сәйкестікті тексеру және іске қосу

5.12.2.1. Жаңа, жаңартылған немесе қолданыстағы жүйелерді, қондырғылар мен жабдықтарды пайдалануға беру және іске қосу - жоғары тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторлармен жасалатын операция.

5.12.2.2. ҚМГ компаниялар тобы елеулі өзгерістерді іске қосу немесе енгізу алдында мыналарды тексеруді және талдауды жүзеге асырады:

- 1) өзгеріс әсер етуі мүмкін кез келген құжаттар, бұл ретте рәсімдер мен нұсқаулықтарға тиісті өзгерістер енгізіледі;
- 2) өзгеріс әсер еткен қызметкерлерді ақпараттандыру және оқыту;
- 3) өзгеріс әсер еткен қызметкерлер үшін өзгертілген рәсімдер мен нұсқаулықтардың қолжетімділігі;
- 4) жұмыс шарттары өзгерген жағдайда, өзгеріс қозғаған қызметкерлерді хабардар ете отырып, тиісті рұқсаттар берілуге тиіс;
- 5) қолданыстағы заңнамалық талаптарды сақтау және барлық қажетті рұқсаттар мен лицензияларды алу;
- 6) тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға (қажет болған жағдайда) жүргізілген бағалау нәтижелерін қолдану;
- 7) барлық қауіпсіздік жүйелерінің жұмыс қабілеттілігі.

5.12.3. Пайдалану жағдайын бақылау және мониторингілеу

5.12.3.1. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде:

- 1) жүйелердің, қондырғылар мен жабдықтардың пайдалану мәртебесін жан-жақты бақылауды және мониторингілеуді;
- 2) ҚМГ компаниялар тобы операцияларының үздіксіз тұтастығын қамтамасыз ету үшін қызметкерлер немесе қызметкерлер топтары арасында рөлдер мен өкілеттіктерді тиімді тапсыруды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY МҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 35-беті

3) процесс пен пайдалану мәртебесіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ рөлдер мен өкілеттіктерді беру талаптарын анықтауды, түсінуді және орындауды қамтамасыз етеді.

5.12.3.2. ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың басшылары, қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, желілік басшылар өз өкілеттіктері шеңберінде қолданыстағы тәуекелдерге/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға мөлшерлес барлық жүйелерді, технологиялық жабдықтар мен қондырғыларды айқындайды және қамтамасыз етеді:

1) процесті қауіпсіз күйге келтіру бойынша алдын ала белгіленген іс-қимылдармен ауыстырылған ақаулықтарды іздеу және жою тоқтатылатын, одан тыс процесс әдейі басталмайтын қауіпсіз пайдалану шектері;

2) қауіпсіз пайдалану шектерінің үнемі тексерілетініне және жаңартылатынына кепілдік беретін рәсімдер;

3) қауіпсіз пайдалану шектерімен салыстырғанда жұмыс параметрлерін жүйелі бақылау;

4) қауіпсіз пайдалану шегінен шығуға бақылау, мониторинг және анықтау;

5) пайдалану мен жөндеуді ауыстыруды беру, ауысымдар мен жұмыс топтарының, сондай-ақ лауазымдардың (бір-біріне) жүйелілігі сияқтыларды қоса алғанда, жүйелердің, технологиялық жабдықтар мен қондырғылардың пайдалану жай-күйінің процесін беру тәртібі.

5.13. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖӘНЕ ДЕН ҚОЮ

5.13.1. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары барлық объектілер үшін Төтенше жағдайларда іс-қимыл жоспарларын (аварияларды жою жоспары, мұнайдың авариялық төгілуін жою жоспары, авариялық жағдайларды жою жоспары) әзірлейді.

5.13.2. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары мыналарды қоса алғанда, өз қызметкерлерін, мердігерлерін/қосалқы мердігерлерін, соның ішінде тиімді авариялық ден қою рәсімдеріне мерзімді оқытуды жүргізеді:

1) авариялық жағдайды айқындауды;

2) олардың теріс салдарларын болғызбау жөніндегі шараларды;

3) авариялық ден қою тобын айқындауды;

4) әртүрлі оқиғалар мен ТЖ кезіндегі іс-қимылдарды айқындайтын нақты тактикалық рәсімдерді;

5) эвакуациялау рәсімдерін;

6) авариялық оқу дабылдарын;

7) ТЖ кезінде іс-қимылдар жоспарларын зерделеуді.

5.13.3. ҚМГ компаниялары тобының авариялық және төтенше жағдайларға ден қою жүйесін ұйымдастыру және үйлестіру «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 36-беті

дағдарыстық жағдайларды басқару регламентінде (KMG-RG-3313.1-13), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру регламентінде (1-нұсқа) айқындалады.

5.13.4. ҚМГ компаниялары тобының болуы мүмкін ТЖ-ға дайындығы және ҚМГ компаниялар тобы мен мүдделі тараптар үшін салдарларды болдырмау немесе барынша ықтимал түрде азайту мақсатында оларға ден қою «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарында (KMG-PR-3203.1-37) қызметтің үздіксіздігін басқару процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

5.14. ОҚИҒАЛАРДЫ ТЕКСЕРУ

5.14.1. Уәкілетті органдарға есеп беретін Оқиғаларды құлақтандыру және тексеру Заңнамалық талаптарға сәйкес ҚМГ компаниялар тобында жүргізіледі.

5.14.2. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары жұмыс орнында/объектіде ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан әрбір оқиғаға мұқият ішкі тексеру жүргізеді.

5.14.3. Оқиғаны ішкі тексеру «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тағы (KMG-PR-2235.1-13) оқиғаларды хабардар ету және тексеру тәртібі туралы қағидаларға сәйкес заңнамалық талаптарға қайшы келмейтін бөлігінде оқиғаның түпкілікті (жүйелі) себептерін анықтау және талдау мақсатында жүргізіледі.

5.14.4. Оқиғаны ішкі тексеруді желілік басшылар, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметтері және тиісті жүйелерді, технологиялық жабдықтар мен қондырғыларды пайдалануға тартылған қызметкерлердің, инженерлік-техникалық қызметкерлердің, жұмысшы персоналдың өкілдері арасынан Құзыретті қызметкерлер жүргізеді. Оқиғаны ішкі тексеруге тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды басқару процестеріне тарту шеңберінде басқа да мүдделі қызметкерлер тартылуы мүмкін.

5.14.5. Оқиғаны ішкі тексеру нәтижелері бойынша есеп кем дегенде мынадай деректермен шектелмей, мыналарды:

- 1) Оқиғаның күнін;
- 2) Оқиғаны тексерудің басталған күнін;
- 3) Оқиғаның сипаттамасын;
- 4) Оқиғаға ықпал еткен факторларды;
- 5) қорытындылар негізінде Оқиғаның ішкі тексеру нәтижелері бойынша түзетуші әрекеттерді немесе ұсынымдарды;
- 6) қажет болған жағдайда ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қолданыстағы ішкі құжаттарына өзгерістер енгізуді (лауазымдық және жұмыс нұсқаулықтары, техникалық құжаттама) қамтиды.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік стандарт	
Құжат түрі: ИБЖ Корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3679.2-13	44 беттің 37-беті

5.14.6. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары оқиға болған кезде заңнамалық талаптарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде әрекет етеді және шаралар қабылдайды.

5.15. ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША СӘЙКЕСТІК АУДИТТЕРІ

5.15.1. Сәйкестіктің ішкі аудиті

5.15.1.1. ӨПҚБ жүйесінің тиімділігі мен өнімділігін айқындау үшін ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары оның сәйкестігін растайды және сәйкестіктің ішкі аудитін (жоспарлы) жүргізу арқылы үш жылда кемінде бір рет кезеңділікпен осы Стандарт талаптарының сақталуын бағалайды.

5.15.1.2. Сәйкестіктің ішкі аудитін ӨПҚБ процестеріне хабардар және құзыретті инженерлік-техникалық қызметкерлер қатарынан кемінде бір қызметкер жүргізуге тиіс. Сәйкестіктің ішкі аудитінің нәтижелері бойынша ӨПҚБ жүйесінде белгіленген кемшіліктер мен ауытқуларды қамтитын есеп қалыптастырылады. Сәйкестік аудитінің есептері ҚМГ компаниялар тобы ұйымының архивінде сақталады.

5.15.1.3. ҚМГ компаниялар тобында 1 және 2-тараптардың ішкі сәйкестік аудиттері қолданылады. 1-тараптың аудиті ҚМГ компаниялар тобының ұйымында дербес (объект, цех, учаске және т.с.с.) жүргізіледі. 2-тараптың аудиті ҚМГ компаниялар тобының басқа ұйымында көлденеңінен (тоғыспалы) (бір бизнес бағыттың шеңберінде, мысалы, барлау және өндіру) жүргізіледі.

5.15.1.4. Егер ҚМГ компаниялар тобының ұйымында қызметкерлердің денсаулығы мен өмірі, қоршаған орта, активтер мен мүлік үшін елеулі салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін оқиға болған жағдайда Сәйкестіктің қайталама ішкі аудиті (жоспардан тыс) жүргізіледі.

5.15.2. Сәйкестіктің сыртқы аудиті

5.15.2.1. Сәйкестіктің немесе 3-тараптың сыртқы аудиті МЖ, ӨПҚБ бағалауда қажетті тәжірибесі бар сырт тәуелсіз ұйымды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның лицензиясын (аккредиттеуін) (қажет болған жағдайда) тарта отырып, ҚМГ компаниялар тобында жүргізіледі.

5.16. ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

5.16.1. Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (индикаторлар)

